

«РФММ» КеАҚ
Басқармасының 2022
жылғы 28 желтоқсандағы
№ 35 хаттама шешімімен
бекітілген



Республикалық физика-математика мектебіне ақылы негізде
оқуға қабылдау ережесі
(2026 жылғы 17 сәуірдегі № 07 хаттамамен енгізілген толықтырулар мен
өзгерістермен)

1. Жалпы ережелер

1.1-тармақ Басқарманың 2026 жылғы 17 сәуірдегі (№ 07 хаттама) шешімінің редакциясында берілген және 2026 жылғы 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

- 1.1 Осы оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына (02.03.2026 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (15.09.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен), республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейіндегі олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін және республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейіндегі спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды қоспағанда, «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ Жарғысына, сондай-ақ Алматы, Астана және Орал қалаларындағы «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ филиалдары туралы ережелерге сәйкес әзірленген және «Республикалық физика-математика мектебіне» (бұдан әрі – РФММ) ақылы негізде оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.
- 1.2 Оқытудың ақылы нысанына контингентті қалыптастыру конкурстық негізде жүргізіледі, бос орындар болған жағдайда үміткерлер каникул кездерінде қабылданады.
- 1.3 Білім беру ұйымдарының 1-11 сынып оқушылары РФММ-ға ақылы негізде оқуға түсу құқығына ие.
- 1.4 РФММ білім алушыларының қатарына қабылдау РФММ директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
- 1.5 РФММ-ға оқуға түсу кезінде ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерімен 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарты жасалады. Осы ережелерде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

қабылдау комиссиясы – бос орындарға конкурстық іріктеу өткізу және РФММ-ның 1-11 сыныптарында оқуға үміткерлерден құжаттарды қабылдау жөніндегі комиссия;

қабылдау емтиханы – әңгімелесу / тестілеу / жазбаша жұмыс – үміткерлердің белгілі бір пәндерден, бөлімдер бойынша білімдерін тексеруге бағытталған;

РФММ-ға қабылдауға үміткерлер – 1-сыныпқа, 6 жасқа толған немесе ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балалар, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарындағы 2-11 сынып оқушылары;

резервтік тізім – ағымдағы оқу жылының бір тоқсанында бос орындарға РФММ-ға қабылдауға үміткерлердің тізімі.

1.6 Құжаттарды қабылдау мерзімі мен орнын, сондай-ақ конкурсты өткізу мерзімін РФММ әкімшілігі белгілейді және мектептің ресми сайтында орналастырылады.

2. Үміткерлерді қабылдау және конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі

- 2.1 Үміткерлерді қабылдау және конкурстық іріктеуді ұйымдастыру үшін РФММ қызметкерлері арасынан жауапты тұлғаларды РФММ директоры тағайындайды (бұдан әрі – Қабылдау комиссиясы).
- 2.2 Конкурстық іріктеуге қатысу үшін үміткердің ата-аналары немесе заңды өкілдері белгіленген мерзімде РФММ сайтында www.admissions.fizmat.kz онлайн тіркеуден өтеді. Тіркеле отырып, үміткердің заңды өкілдері әңгімелесу рәсімінің аудио және бейнежазбасына келісім береді.
- 2.3 1-сыныпқа балаларды қабылдау 6 жасқа толған немесе ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балалар үшін ғана рұқсат етіледі.
- 2.4 Үміткердің ата-анасы немесе заңды өкілдері, үміткердің өзі сұхбаттасу/тестілеу үшін онлайн тіркеуге сәйкес белгіленген күн мен уақытта РФММ-да болады.

2.5-тармақтың 2) тармақшасы Басқарманың 2026 жылғы 17 сәуірдегі (№ 07 хаттама) шешімінің редакциясында берілген және 2026 жылғы 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

- 2.5 Үміткерлерді қабылдау қазақ, орыс тілдерінде оқытатын сыныптарға келесі тәртіппен өткізіледі:
 - 1) 1-сыныпқа – баланың логикалық және абстрактілі ойлауын, сөйлеуінің дамуын, зейінділігі мен жалпы хабардарлығын тексеру үшін үміткермен әңгімелесу жүргізіледі; әңгімелесудің ұзақтығы – 45 минут.
 - 2) 2-сыныпқа – үміткерлер математика бойынша 7 тапсырмадан тұратын 20 баллдық жазбаша жұмысты орындайды және оқыту тілі бойынша (қазақ тілі/орыс тілі) – 5 тапсырмадан тұратын 10 баллдық тест тапсырмасын орындайды; ұзақтығы – 60, 40 және 20 минут тиісінше.
 - 3) 3,4 - сыныптарда – үміткерлер математика бойынша 6 тапсырмадан тұратын 20 баллдық жазбаша жұмысты орындайды және оқыту тілі бойынша (қазақ тілі/орыс тілі) – 5 тапсырмадан 10 баллдық тест тапсырмасын орындайды; ұзақтығы – 60, 40 және 20 минут тиісінше.
 - 4) 5,6-сыныптарда – үміткерлер математика бойынша 10 тапсырмадан тұратын 20 баллдық жазбаша жұмысты орындайды. Ұзақтығы – 45 минут;
 - 5) 7,8-сыныптарда білім беру грантын тағайындау жөніндегі негізгі конкурсқа қатысқан және жоғары өту баллдарын жинаған, бірақ оның иегері атанбаған үміткерлер ақылы білім беру нысанына құжат тапсыра алады. 7-11 сыныптарға оқуға үміткерлерді қабылдау бос

орындар болған жағдайда каникул кезінде жүзеге асырылады. Қабылдау емтиханы тестілеу / бақылау жұмысы форматында, алгебра, геометрия, физика пәндері бойынша өткізіледі.

- 2.6 Нәтижелер қабылдау емтиханын тапсырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде үміткерлерге және олардың заңды өкілдеріне хабарланады.
- 2.7 Шекті балл жинаған, бірақ оқуға қабылданбаған үміткерлер оқу жылының бір тоқсанында бос орын пайда болғанға дейін резервтік тізімге енгізіледі (4-бөлімді қараңыз).
- 2.8 2-11 сыныптардағы оқытудың ақылы білім беру нысанына қабылдаудың шекті деңгейі ең жоғары баллдың 65 және одан да көп пайызын құрайды. Кейбір жағдайларда қабылдау комиссиясы өту баллын шекті баллды жоғары және төмен қарай өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

2.9-тармақ Басқарманың 2026 жылғы 17 сәуірдегі (№ 07 хаттама) шешімінің редакциясында берілген және 2026 жылғы 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

- 2.9 1-11 сыныптарға оқуға қабылдауға үміткерді анықтау кезінде сұхбат/тестілеу қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған үміткерлердің мүмкіндігі басым болады.

2.10-тармақ Басқарманың 2026 жылғы 17 сәуірдегі (№ 07 хаттама) шешімінің редакциясында берілген және 2026 жылғы 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

- 2.10 1-сыныпқа әңгімелесу қорытындысы бойынша ұпайлар тең болған жағдайда, «Аналитикалық ойлау компоненттері» бөлімі бойынша жоғары балл жинаған үміткерлер оқуға қабылдануда артықшылыққа ие болады. «Аналитикалық ойлау компоненттері» бөлімі бойынша ұпайлар тең болған жағдайда, «Зейінділік» бөлімі бойынша жоғары балл алған үміткерлерге артықшылық беріледі. «Зейінділік» бөлімі бойынша ұпайлар тең болған жағдайда, «Жалпы мектепке дейінгі дайындық» бөлімі бойынша жоғары балл жинаған үміткерлер оқуға қабылдануда артықшылыққа ие болады.
- 2.11 2-11 сыныптарда тестілеу қорытындысы бойынша балл тең болған жағдайда, «Математика» / «Алгебра» / «Геометрия» пәні бойынша соңғы оқу жылындағы үлгерім табелі бойынша жоғары балл алған үміткерлер оқуға түсуде басымдылыққа ие болады. Жоғарыда көрсетілген пәндер бойынша бағалар тең болған жағдайда, үлгерім табелі бойынша жалпы орташа балл ескеріледі.

3. Конкурста үміткердің өзін-өзі ұстау ережелері

- 3.1 Үміткер емтихан тапсыру орнына белгіленген уақытта және күні кешікпей келеді.
- 3.2 Үміткер өзін тәртіпті ұстайды және комиссияның жауапты мүшесінің түсініктемелерін мұқият тыңдайды.
- 3.3 Орыннан орынға ауысуға, тапсырмаларды алмастыруға, көшіруге, шпаргалканы қолдануға, ұялы телефондарды пайдалануға жол берілмейді.
- 3.4 Ережелер бұзылған жағдайда және емтихан тапсыру кезінде үміткерде көшірме парақтары, оқу-әдістемелік әдебиеттер, ұялы телефондар анықталса, үміткер оқу аудиториясынан шығарылады, ал тестілеу нәтижелері жойылады. Оқиға тіркеледі.
- 3.5 Үміткер комиссияның жауапты мүшесінің рұқсатымен ғана аудиториядан шыға алады.

4. Қабылдау тәртібі

- 4.1 Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткердің ата-анасы/заңды өкілі РФММ директорының атына өтініш береді, 5 (бес) жұмыс күні ішінде біржолғы кепілдік жарнаны төлейді, өтінішке төлем туралы растайтын құжатты (төлем чегі/банктен үзінді көшірме кепілдік жарна/транш сомасы/оқу ақысының барлық сомасы) қоса береді осы ережелердің 4.4-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар топтамасымен бірге қабылдау комиссиясына ұсынады, 3 (үш) жұмыс күні ішінде белгіленген нысан бойынша өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасасады.
- 4.2 РФММ-да оқу ақысының мөлшері мен тәртібі «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ басқармасының шешімімен бекітіледі және шартта көрсетіледі.

4.3-тармақтың б) тармақшасы Басқарманың 2026 жылғы 17 сәуірдегі (№ 07 хаттама) шешімінің редакциясында берілген және 2026 жылғы 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

- 4.3 Қабылдау үшін үміткердің ата-аналары/заңды өкілдері белгіленген мерзімде РФММ қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:
- 1) алдыңғы оқу орнынан шығу парағы (1-сыныптан басқа);
 - 2) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - 3) оқуға қабылдау туралы өтінішке қоса берілетін оқу ақысын төлеу құжатының көшірмесі (төлем чегі/банктен үзінді көшірме кепілдік жарна/транш сомасы/оқу ақысының толық сомасы) тіркеледі;
 - 4) ЖСН көрсетілген заңды өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі;
 - 5) ЖСН көрсетілген үміткердің туу туралы куәлігінің/төлқұжатының көшірмелері;
 - 6) 027/у нысанындағы медициналық анықтама, денсаулық паспорты және 063/у немесе 065/у нысанындағы профилактикалық екпе картасы;
 - 7) үміткердің алдыңғы оқу жылдарындағы үлгерім табельдерінің түпнұсқалары.
 - 8) 3x4 мөлшердегі үміткердің фотосуреті – 2 дана;
 - 9) оқушының жеке іс қағазы, ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен.
- Осы ережелердің 4.3-тармағында көрсетілген барлық құжаттар көк түсті папкаға салынады (20 парақ).
- 4.4 1-11 сыныптарға оқуға үміткерлер үшін конкурсты өткізу қорытындысы бойынша апелляция өткізілмейді, өйткені 1-сынып үшін ауызша түрде әңгімелесу форматында, 2-11 сынып үшін жауап нұсқалары бар тест нысанында жүзеге асырылады. Жазбаша жұмысты бағалау кезінде техникалық қатенің бар-жоғын тексеру үшін ғана үміткердің жұмысын қарауға рұқсат етіледі.
- 4.5 Үміткердің 1-сыныпқа әңгімелесу рәсімінің жазбасы үшінші тұлғаларға берілмейді, бағалауда даулы сәттер туындаған кезде ғана пайдаланылады, 10 (он) күн өткеннен кейін жойылады. Үміткердің жұмыстары бір тоқсаннан кейін жойылады.

5. Резервтік тізімнен үміткерлерді қабылдау үшін күту парағын қалыптастыру тәртібі

- 5.1. Қабылдау емтиханынан өткен және шекті балл жинаған, бірақ алдағы оқу кезеңіне (тоқсанға) бос орынның болмауына байланысты оқуға қабылданбаған үміткерлер бос орын пайда болған жағдайда, оқуға қабылдау құқығымен бір тоқсанға күту парағына (резервтік тізімге)

енгізіледі. Қабылдау емтиханының нәтижелері 1 (бір) тоқсанға жарамды.

- 5.2. Шекті деңгейге ие болған және оқуға қабылдауға ұсынылған үміткердің ата-анасы/заңды өкілі оқуға қабылдау туралы хабарламадан кейін 2 жұмыс күні ішінде келмеген жағдайда, өтініш беру және шарт жасасу немесе оқудан жазбаша/ауызша бас тартқан жағдайда, РФММ әкімшілігі резервтік тізімнен үміткерді қайта анықтайды.

6. Форс-мажор

- 6.1. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда қабылдау комиссиясының шешімімен қабылдау емтихандарын өткізу мерзімі өзгертілуі мүмкін.
- 6.2. Форс-мажорлық жағдайлар: жер сілкінісі, өрт, су тасқыны, ереуілдер, эпидемиялар, пандемиялар, жарылыстар, соғыс қимылдары және басқа да табиғи апаттар.

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Үміткерлер мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) «РФММ» КеАҚ филиалы туралы ережемен, РФММ ішкі тәртіп ережелерімен, сондай-ақ мектеп <https://fizmat.kz> сайтында білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа құжаттармен танысуы қажет.

7.2-тармақ Басқарманың 2026 жылғы 17 сәуірдегі (№ 07 хаттама) шешімінің редакциясында берілген және 2026 жылғы 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

- 7.2. Кіру жарнасы – ата-аналар (заңды өкілдер) тарапынан мектепке ақылы негізде алғаш рет қабылданатын жаңа оқушыны оқуға қабылдау кезінде бір рет төленетін, қайтарымызсыз төлем. Бұл төлем оқу ақысы болып табылмайды және оқу құнына кірмейді.
- 7.3. Біржолғы кепілдік жарна оқу ақысының құнына кіреді және қайтарылмайды.
- 7.4. Осы ережемен реттелмеген мәселелерді «РФММ» КеАҚ Басқармасы бекітілген нормативтік актілерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеді.
- 7.5. Осы ережеге «РФММ» КеАҚ Басқармасының шешімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.